

ӘОЖ 341.61

## **Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының түсінігі**

Баданова М.М.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Понятие «международный спор» обычно используется для обозначения разногласий между государствами, в том числе тех, что могут поставить под угрозу международный мир и безопасность. В современном международном праве в качестве общепризнанного императивного сложился принцип мирного разрешения споров, согласно которому международные споры должны разрешаться исключительно мирными средствами. В статье анализируется понятие принципа мирного разрешения споров, которое относится к основным принципам международного права, закрепленным в Уставе ООН.

The concept «the international dispute» is usually used for a designation of disagreements between the states, including that the international peace and safety can threaten. In modern international law as the universally there was a principle of the peace resolution of disputes according to which the international disputes should be resolved by exclusively peace means. In article the concept of a principle of the peace resolution of disputes which concerns the main principles of international law fixed in the Charter of the United Nations is analyzed.

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасын ашудағы алғы шарттары осы құқық жүйесінің негізін және сапалы ерекшеліктерін анықтайтын, оның мазмұнын ашатын объективті келісілген бастамалар ретіндегі қағидалардың жалпы ғылыми (философиялық) [1] және жалпы құқықтық категориялары болуы қажет [2].

Осы мәселе бойынша халықаралық құқықтық әдебиеттің талдауы негізгі қағидаларға ең маңызды айқын ерекшеліктерін бейнелейтін халықаралық құқықтың негіздемелік бастамалары ретінде жалпы түрдегі көзқарас қалыптасқанын көрсетеді.

Осы мәселені айрықша мұқият зерттеген Р.Л.Бобров «мұнда сәйкес дәуірдің халықаралық құқықтың негізгі мазмұнын консервативті түрде бейнелеп көрсететін жалпы қабылданған ережелер туралы сөз қозғалғандығын және қағидалардың халықаралық қатынастардығы мемлекеттердің тәртібінің ең басты негіздемелерін орнататынына» көңіл бөледі [3].

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары — күш және күштеп қатер көрсетпеу, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, мемлекеттің ішкі құзыретіне кіретін істерге қол сұғылмаушылық, мемлекеттердің бір-бірімен ынтымақтасу міндеті, халықтардың тең құқықтығы, мемлекеттердің егемендік теңдігі, халықаралық құқық бойынша міндеттерді адал ниетпен орындау, мемлекет шекараларының беріктігі, мемлекет аумағының тұтастығы және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу. Халықаралық құқық қағидаларының маңызды белгісі болып халықаралық қатынастардың барлық аялардағы халықаралық құқық субъектілерінің белгілі бір жалпыға міндетті тәртіп ережелерінде көрсетілген олардың нормативтілігі болып табылады. Негізгі қағидалар — ол *sui generis* нормалар, яғни жоғарғы императивтік тәртіптегі нормалар. А.Н.Талапаев оларды «ең маңызды, жалпы және көпшілікпен қабылданған халықаралық құқықтың императивті нормалары» ретінде анықтайды [4]. Р.Л.Бобров негізгі қағидаларды «қазіргі заманғы негіздемелік нормалар, адресаттарының шеңбері кең нормалар, бір уақытта тыйым салатын және міндеттейтін нормалар» ретінде көрсетеді [5].

Өзінің маңыздылығы негізінде қағидалар халықаралық құқық шығармашылығының дамуы мақсатында олардың шарттарын айқындайтын жаңа халықаралық нормаларды шығару үшін негізгі заңи база болып табылады. Осы алдын ала сипаттамалар қазіргі заманғы халықаралық құқықтың қағидаларының негізгі белгілері мен ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді:

- 1) халықаралық құқықтың негізін бейнелейтін және даму кезеңіндегі халықаралық-құқықтық институттардың және нормалардың мазмұнын анықтайтын халықаралық құқықтың маңызды қасиеті;
- 2) өзінің сипаты бойынша әрдайым нормативті және халықаралық дәстүрлерде немесе халықаралық құқықтың өзге қайнар көздерінде бекітіледі және мазмұнынан алынады;
- 3) ол айрықша маңызды, жалпы, көпшілікпен қабылданған әмбебап тағайындалуындағы халықаралық құқық нормалары;
- 4) ол негіздемелік, жоғарғы деңгейдегі императивті, мемлекеттердің тәртіп, іс-әрекетінің халықаралық стандарттары болып табылатын нормалар;
- 5) олар халықаралық заңдылық критерийлері болып табылады.

Осыдан негізгі қағидаларды, халықаралық құқықтың тарихи қалыптасқан жүйеде бекітілген халықаралық қатынастар дамуының объективті түрде ескерілген заңдылықтарын, халықаралық-құқықтық нормалар және институттар мазмұнын анықтайтын халықаралық құқықтың маңызды қасиеттерін халықаралық заңдылық критерий ретінде анықтауға болады.

Осы анықтама толығымен дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасына да қатысты болады. Бірақ бұл қағиданың әлі де сәйкес теориялық сипаттамасы жоқ. Халықаралық құқық қағидалары және дауларды бейбіт жолмен шешу бойынша жұмыстарында көптеген батыс авторлары осы қағиданың мазмұны мәселесін айтпай кетіп, көбінесе бейбіт тәсілдерді дәстүрлі түрде көрсетумен шектеледі. Олар халықаралық қатынастардағы күш қолдануға тыйым салудан шығатын мемлекеттер міндеттемесімен байланыстырмай халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы бойынша міндеттерді күш қолданбау қағидасынан ажыратып қарастырады.

Халықаралық құқықтық әдебиетте қарастырылған бұл қағида БҰҰ Жарғысындағы 2-бабының 4-тармағында бекітілген тыйым салулардың кері жағы ретінде қарастырылады [6]. Оның мазмұны мемлекеттердің өз дауларын бейбіт түрде шешу міндеттілігінің жалпы фактісін көрсетуіне саяды.

Бірақ халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының бірінші сипаттамасы оның халықаралық құқықтағы тәуелсіз орнын көрсететін өзіндік, позитивті жақтарына сипаттама бермейді. Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің анықтамасы өзге ғылыми анықтамалар сияқты позитивті, функционалды болуы қажет.

Қағиданың екінші сипаттамасы оның тек бір жағын ашып, өзге аспектілері мен элементтерін, оның ішкі анатомиясын ескермейді. Халықаралық құқықтық актілер туралы сөз қозғайтын болсақ, олардың ең маңыздыларының бірі БҰҰ Жарғысы халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуді бір уақытта мақсат және Біріккен Ұлттар Ұйымының қағидасы ретінде бекітеді. Жарғының 2-бабының 3-тармағында қағида мазмұны келесідей анықтайды: «БҰҰ-ның барлық мүшелері өзінің халықаралық дауларын бейбітшілікті, қауіпсіздікті және әділеттікті қауіп-қатерге төндірмеу үшін бейбіт жолдармен шешеді» [7].

БҰҰ Бас Ассамблеясының XXV сессиясында 1970 жылы 24 қазанда БҰҰ Жарғысына сәйкес қабылданған мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастар және өзара әрекеттестік мәселелерін қарастыратын Халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларацияда осы қағиданың неғұрлым кең тұжырымдамасы мазмұндалған: «Әрбір мемлекет өзінің халықаралық дауларын өзге мемлекеттермен халықаралық бейбітшілікке, қауіпсіздікке және әділеттікке қауіп төндірмеу үшін бейбіт тәсілдермен шешеді. Сондықтан да мемлекеттер халықаралық дауларды тез, әділ түрде келіссөздер, тексеру, өкілдік ету, бітімге келу, арбитраж, сот талқылауы, аймақтық органдарға немесе келісімдерге жүгініп немесе өзге бейбіт тәсілдерді қолдау арқылы шешуге мүдделі болуы қажет. Осындай реттеуді іздеу мақсатында тараптар дау сипатына, жағдайына сәйкес болатын бейбіт жолдарды, тәсілдерді таңдауы қажет. Даудағы тараптар жоғарыда айтылған бейбіт жолдардың біреуін қолданып шешімге келмесе, дауды реттеуді өзара келісілген өзге бейбіт жолдармен шешуге ұмтылуға міндетті» [8].

Көрсетілген және өзге де халықаралық актілердің талдауы халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының келесі негізгі компоненттерін ажыратуға мүмкіндік береді:

- 1) оның заңды талабы;
- 2) әрекет ету аясы;
- 3) дауларды реттеу және жағдайларды шешу сипаты.

Осы компоненттердің әрқайсысына жеке тоқталып өтейік:

1. Қағиданың заңды талабы — халықаралық құқықтық нормалардың жиынтығына негізделген, халықаралық қатынастарда күш қолдануға тыйым салумен сипатталатын халықаралық құқық субъектілерінің өзінің дауларын және жанжалдарын тек бейбіт тәсілдермен шешу, реттеудің міндеттілігі. Осы міндеттілік қағиданың негізін құрайды.

Сонымен бірге мемлекеттер және халықаралық құқықтың өзге субъектілері туындаған қайшылықтарды бейбіт жолмен шеше отырып, оны мәні бойынша және уақытында реттеуге міндетті. Осы заманғы халықаралық құқықтың осы императивтік талабы тең дәрежеде жалғастырылуы бейбітшілікке, қауіпсіздікке қатер төндіретін даулар және аса шиеленіске жетпеген жағдайларға да қатысты болады, яғни «кез келген» (БҰҰ Жарғысының 38-бабы) және «жергілікті» (БҰҰ Жарғысының 52-бабы) дауларға қатысты болады [7].

Халықаралық бейбітшілікке және қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін даулар және осындай шиеленіске жетпеген даулар арасындағы айырмашылық дауларды бейбіт жолмен шешу міндеттілігі туралы БҰҰ Жарғысының императивті жағдайлары екінші категориялы дауларға қатысты еместігін еш уақытта білдірмейді.

Осы дауларға қатысты Жарғыда кез келген, жергілікті қақтығыс ауқымы өспеу мақсатында және оларды алдын ала болдырмаудың жолдары идеясы сипатталған. Кез келген шешілмеген, «қатып қалған» дау жалпы қайшылықты шиеленістіріп, жаңа конфликтілік жағдайларды тудыра келе, халықаралық қатынастарға көңіл бөлуді талап ететін әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан, егер мемлекет өз шиеленісін реттеуге ұмтылмай, оны шешілмейтіндей етіп қалдырса, мемлекеттің осы әрекеттерін халықаралық қоғамдастық мүшесі ретінде өзіне жүктелген міндеттерді бұзу ретінде түсінілуі мүмкін.

2. Қарастырылған қағиданың әрекет ету аясын бір-бірінен пайда болу қайнар көздері, өз табиғаты, типі, құрылымы, көрініс табу формалары бойынша ажыратылатын объективті немесе субъективті түрде түсіндірілген халықаралық қайшылықтар мен конфликттер құрады. Олардың әр алуандылығы әлемде болып жатқан халықаралық қайшылықтардың көптілігімен түсіндіріледі.

Халықаралық даулардың негізгі түрлері ретінде дау және жағдай қарастырылады. Халықаралық дау категориясына тек осы заманғы халықаралық құқық субъектілері арасында болған дау ғана жатады (яғни мемлекеттер арасындағы, халықаралық ұйымдар арасындағы, метрополиялар және тәуелсіздік үшін күресетін халықтар арасындағы даулар). Бір тарапы индивид немесе индивидтер арасында болатын дау халықаралық дау ретінде саналмайды. Осындай түсіндірме терең түрде голландиялық автор П.Варттың «Мемлекеттер арасындағы даулардағы келіссөздер элементі» атты еңбегінде сипатталған [9; 19].

Халықаралық конфликтінің екінші түріне жағдай жатады. Жағдайларды реттеу БҰҰ Жарғысының 34–36-баптарының 1-тармағында қарастырылған, яғни халықаралық даулар туындағанда БҰҰ мүшелері Қауіпсіздік Кеңесіне жүгіне алады және мүше емес мемлекеттер БҰҰ Бас Ассамблеясын немесе Қауіпсіздік Кеңесін хабардар етеді. Осыған орай жағдай және даудың байланысын анықтау қажет. БҰҰ Жарғысында осы мәселе бойынша сөз қозғалмаған. Ал қарастырылған конфликт — дау немесе жағдай екендігін дұрыс анықтау БҰҰ-ның мемлекет мүшелері және оның мүшелері болып табылмайтын, Қауіпсіздік Кеңесі құрамына кірмейтін мемлекеттер осы конфликтіні қарастыруға қатысу жағдайы тәуелді болады. Сонымен бірге Жарғының 27-бабының 2-тармағы негізінде даудың тарапы болып табылатын Кеңес мүшесі дауыс беру қатысуынан бастартуы қажет.

Американдық заңгер Дж.Стоун дау және жағдай арасындағы айырмашылықты, дау мемлекеттің арнайы мүдделерін қозғаса, жағдай жалпы мүдделерді қамтитынынан көрді. Н.Бентович жағдай анықтамасын бермей, ал дауды тараптар белгілі бір талаптар немесе контралаптар білдіретін мемлекеттер арасындағы болған конфликт ретінде қарастырылады. Ф.Нортедж және М.Донелан жағдай ретінде «даудың барлық құрылымдық бөліктері оны алып, бірақ дау өзі қалыптаспаған жағдайды» білдіреді. Ал дау, олардың пікірінше, — ол мемлекеттің өзара қатынасындағы факт, құқық қатынастардағы көзқарастардың қалыптасқан қайшылығы [9; 27].

Халықаралық дау — ол екі немесе одан да көп халықаралық құқықтың субъектілерінің, олардың құқықтары және мүдделеріне, халықаралық мәселелерді түсінуге және тағы басқа жағдайларға қатысты болатын нақты реттелмеген мәселелер бойынша өзара және нақты қалыптасқан қарама-қарсы талаптардың жиынтығы. Халықаралық дауларды бейбіт реттеу қағидасының негізгі құрамдас бөліктерінің талдауы оның анықтамасын айқындауға мүмкіндік береді.

Жағдай даудың нақты пәнімен байланысты емес карама-қарсы мүдделердің қақтығысуы нәтижесінде белгілі бір географиялық аймақтағы мемлекеттер арасындағы қайшылықты туындататын объективті сипаттағы жағдайлар жиынтығы [10]. Жағдай кезінде формалды түрде дау, яғни, тараптардың өзара контрдаулары әрі орын алмаған, бірақ оның пайда болуы үшін объективті жағдайлар бар. Ян Азуд жағдайды «әр түрлі халықаралық қайшылықтарға әкеле алатын және өз дамуының келесі фазасында халықаралық дауға өзгере алатын даудың бірінші сатысы» ретінде қарастырады [9; 65]. Басқаша айтқанда, жағдай — ол потенциалды дау жағдайы. Екінші жақтан, белгілі бір жағдай қалыптасқан дау нәтижесінде немесе осындай даудың өзімен туындай алады.

Сондықтан БҰҰ Жарғысы (3-бабының 1-тармағы) халықаралық даулардың бейбіт реттелуін ғана емес, сонымен бірген жағдайларды шешуін қажет етіп, Қауіпсіздік Кеңесін даудың немесе жағдайдың кез келген кезеңінде (33-бапта көрсетілген) «қажет болған рәсімді немесе реттеу тәсілдерін» қолдануға ұсыныс жасауға өкілеттік береді. Конфликтіні саралау, яғни оның дау немесе жағдай екендігін бекіту, мүмкіндігі тек Қауіпсіздік Кеңесіне берілген.

Жағдай мемлекеттердің өзара ниеттерімен емес, мүдделердің қақтығыстарынан туындаған, тараптардың «жоқтығымен» сипатталатын құбылыс болғандықтан, конфликтінің осы сатысындағы Қауіпсіздік Кеңесінің әрекеті ең алдымен, оның жағдайларының зерттелуіне бағытталып, БҰҰ Жарғысының 34-бабына негізделуі қажет.

3. Халықаралық дауларды және жағдайларды реттеу «халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті, әділеттікті қауіп-қатерге ұшыратпастай», «халықаралық құқық қағидалары негізінде» жүзеге асырылуы қажет. Мұндай тұжырымдама БҰҰ Жарғысы және халықаралық құқық принциптерінің Декларациясы үшін бірдей.

«Халықаралық бейбітшілікке және қауіпсіздікке қауіп-қатер төндірместен» сөзі дауды шешуге ықпал етпейтін, үшінші мемлекеттердің мүдделерін жанап тиеді және қосымша конфликтілік жағдайларды туындататын реттеу тәсілдерін қолдануды айқын түрде жоққа шығарады.

Бір уақытта БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың мақсаты және қағидасы ретіндегі халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің мазмұнының маңызды элементі бейбіт түрде реттеу әділеттілік негізінде жүргізілуі қажет екендігіне бағыттау болып табылады [11]. Егер әділеттілік қағидасы құрметтелмесе, ешбір дауды реттеу туралы сөз қозғалмайды, сондықтан бейбітшілік және қауіпсіздік қауіп-қатерге ұшырайды [12]. Сонымен, әділеттілік дауларды бейбіт шешу тәсілдерін сәтті түрде қолдану үшін *condition sine qua* болып табылады.

Әділеттік астында нені түсіну қажет? Философиялық тұрғыдан әділеттілік — «ол міндеттеу тұрғысынан сақтауға не өзгертуге тиісті қоғамдық шындылықты бағалайтындықтан, моральдік-құқықтық және әлеуметтік-саяси сананың категориясы» [13]. «Әділеттілік» түсінігі тарихи сипатқа ие. Әрбір тап өзінің жеке әділеттілік түсінігін қалыптастырып, қоғамдағы барлық қатынастарды оған сүйеніп орнатуға тырысады. Әділеттілік категориясы қоғамның саясат, философия, мораль, құқықтық жүйе сияқты өмірдің барлық жақтарын өзектен өткізеді.

Айтылған сөз мемлекеттердің әр түрлі әлеуметтік жүйелермен күрес және ынтымақтастық процесінде қалыптасатын халықаралық қатынастарды реттейтін халықаралық құқықтағы әділеттік түсінігіне де жататындығын көрсетеді.

Сонымен, біз халықаралық дауларды бейбіт реттеу қағидасынның түсінігін оның негізгі белгілерін ескере келе, талдадық. Халықаралық дауларды бейбіт шешу қағидасы негіздемелік, көпшілікпен қабылданған, жоғары деңгейдегі императивті, айрықша маңызды, халықаралық заңды критерийлері болып табылады. Бұл қағида заңды талабы, әрекет ету аясы, дауларды реттеу және жағдайларды шешу сипаты деген компоненттерден құралады.

Дауларды бейбіт жолмен реттеу мемлекеттердің күшпен қорқытудан немесе оны қолданудан тартыну міндетіне қарасты елеулі қосымша болып табылады және бұл факторлардың екеуі де халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мен нығайту үшін маңызды, даулардың алдын алуын тиімді жолдарын саяси құралдар арқылы іздеп қана қоймай, сонымен бірге туындауы мүмкін кез келген жанжалды бейбіт жолмен реттеудің тиісті тетіктерін халықаралық құқыққа сәйкес анықтау керек.

Халықаралық дауларды бейбіт реттеу қағидасы — ол мемлекеттердің олардың әлеуметтік жүйелерінен тәуелсіз бейбіт өмір сүру құқығы ретіндегі оның негізіне назар салған және тікелей білдіретін; пайда болған дауларды немесе жағдайларды тек бейбіт жолдармен шешудің жалпы міндеттілікпен халықаралық субъектілеріне қожан-лоққы немесе халықаралық қақтығыстарда күш қолдануды халықаралық құқықтық тыйым салуға негізделуде айқындалатын әрбіреудің әділеттілік

және халықаралық құқық қағидаларына сәйкес өзара мүдделерді ескеру және әрбіреудің еркін таңдау құқығымен бірге осы заманғы халықаралық құқықтың ең маңызды қасиеттерінің бірі.

1899 және 1907 жылдары өткізілген Гаагалық конференцияларында алған халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы халықаралық құқықтың жаңа қағидалар қатарына жатады.

Халықаралық дауларды шешудің бейбіт тәсілдер жүйесі БҰҰ Жарғысында, 1970 ж. 24 қазандағы Халықаралық құқықтық қағидалар декларациясында, 1970 ж. 16 желтоқсанның Халықаралық қауіпсіздікті бекіту, нығайту, туралы декларациясында, Арнайы сипаттағы аймақтық және халықаралық келісімдерде көрсетілген 2-бабының 3-тармағында БҰҰ мүше-мемлекеттерінің өз халықаралық дауларын бейбіт тәсілдермен шешу міндетін көрсете келе, БҰҰ Жарғысы 33-бабының 1-тармағында «жалғастырылуы халықаралық бейбітшілік және қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін кез келген дауға қатысатын тараптар өз таңдауы бойынша дауды келіссөздер, тексеру, өкілдік ету, бітімге келу, арбитраж, сот талқылауы, аймақтық органдарға не келісімдерге жүгіну және т.б. бейбіт тәсілдерді қолданып шешуге ұмтылуы қажет» екендігін бекітеді. Бұл — бейбіт реттеу тәсілдердің, олардың осы заманғы даму сайысындағы едәуір бейімделгіш және көп жақты жүйесі. Жарғыда, белгілі болғандай, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу тәсілдері ішінен ізгі қызмет ету туралы айтылмаған. Бірақ Жарғының 33-бабында «немесе өз қалауы бойынша өзге бейбіт тәсілдерді қолдану арқылы» деген айтылуы бұл бейбіт реттеу институтының Жарғысы мемлекеттер тағылымдамасында жиі қолданылғаны туралы нәтиже шығаруға мүмкіндік береді. Оны халықаралық дауларды шешудің халықаралық құқықтық тәсілдер жүйесіне ізгі қызмет ету ресми түрде қосқан 1970 жылғы Халықаралық қауіпсіздікті нығайту туралы декларация растайды [14].

«Немесе өз қалауы бойынша өзге бейбіт тәсілдерді қолдану арқылы» деген тұжырымдалған ой әмбебап, көп қырлы екендігін куәландырады. Себебі ол тараптарға даулардың шешудің қалыптасқан тәсілдерін қолданумен қатар, мемлекетаралық тәжірибе процесі нәтижесінде институцияланатын жолдарды қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан да «БҰҰ Жарғысының 33-бабы бейбіт тәсілдердің толық тізімін бергендіктен, бұл жинақталған ой қате» деп айтқан Г.Кельзеннің пікірі дұрыс емес.

Халықаралық дауларды бейбіт шешу қағидасының қалыптасуы және салынуының негізгі бес кезеңдерін атап өтуге болады (БҰҰ Жарғысын қабылдауға дейін және оның қабылдануынан кейін):

1. 1899 және 1907 жж. өткізілген Гаагалық бейбітшілік конференцияларында халықаралық бейбіт жолмен шешу қағидасын жария ету.

2. Осы заманғы халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі ретінде Британ-Келлог пактісінде және өзге кейінгі көпжақты халықаралық құқықтық құжаттарда дауларды бейбіт шешу қағидасының бекітілуі (1928–1936 жж.).

3. БҰҰ Жарғысында және аймақтық ұйымдардың жарғыларында дауларды шешу қағидасының талдамасы және бекітілуі (1944–1955 жж.).

4. БҰҰ Бас Ассамблеясы резолюциясында, халықаралық конференциялар құжаттарында, мемлекеттердің екі жақты және көпжақты келісімдерінде халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының расталуы және дамуы.

5. Мемлекеттердің бейбіт өмір сүру негізгі қағидалар жүйесінде қағиданың прогрессивті дамуы және кодификациясы; 1970 ж. БҰҰ Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынас және ынтымақтастыққа қатысты болатын Халықаралық құқық/қағидалар декларациясындағы оның өрістенген тұжырымдамасы (1964–1970 жж.).

Халықаралық дауларды шешудің бейбіт тәсілдер жүйесі — ұзақ уақыт бойғы дамудың нәтижесі. Құлиеленушілік және феодалдық қоғамдарға белгілі жеребе және жекпе-жек (жеке жарысқа түсу) сияқты қайшылықтарды реттеу тәсілдері тарихтың игілігі болып табылады. Ежелгі кезден белгілі болған өзге келіссөздер, өкілдік ету, арбитраж сияқты тәсілдер уақыт сынауын табысты көтерді. Ал ізгі қызмет етулер, тергеу және келісімдік рәсімдері сияқты бейбіт реттеудің институттары — салыстырмалы түрде таяудағы уақыт дамуының жемісі [15].

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің келіссөздер, ізгі қызмет ету процесі, өкілдік ету, халықаралық тергеу рәсімі және халықаралық келісім рәсімі, халықаралық арбитраждық және сот талқылауы сияқты түрлері бар.

Тікелей келіссөздер — халықаралық қайшылықтарды шешудің жетекші тәсілі. Халықаралық шиеленістерді бейбіт шешудің тәсілі ретінде келіссөздер даулы мәселелер бойынша дауласқан тараптармен шешімді іздеуге құралады (олар арасындағы тікелей байланысты орнатып, келісімге жету жолымен).

Қазіргі заманғы жағдайларда ізгі қызмет етулер туралы нақты даулы сұрақтармен байланысты емес, жалпы халықаралық мәселелерді шешудегі ықпал етуге бағытталған мемлекеттердің қызметі ретінде айтуға болады. Бұл кең мағынада мысал ретінде шақырылуын КСРО жиі ұсынған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық мәселесі бойынша кеңесуді дайындау, ұйымдастыру және өткізу бойынша Финляндия үкіметі көрсеткен ізгі қызмет етулерді келтіруге болады.

Ізгі қызмет етулер мен өкілдік ету олардың ұқсастығына қарамастан, бейбіт реттеудің дербес тәсілдері және олардың айырмашылығы дауды шешу бойынша үшінші мемлекеттердің ықпалдасу дәрежесімен ғана аяқталмайды. Өкілдік ету кезінде тек өкілдік ететін мемлекеттер үшін емес, сонымен қатар дауласқан тараптар үшін де әр түрлі құқықтық нәтижелер пайда болады. Ол ізгі қызмет ету кезінде болмайды. Дипломатиялық тәжірибеге белгілі бұл маңызды жағдайлардың бірі халықаралық-құқықтық доктринасымен байқаусыз қалдырылған.

Халықаралық дау барысында әр түрлі жағдайларда немесе дау негізінде жатқан фактілік мәліметтерді бағалауда тараптар арасында қайшылықтар туа алады. Бұл жағдайда мемлекеттер халықаралық тергеулік рәсімді қолдану жолымен тергеу жүргізу туралы келісе алады. Тергеу рәсімі — тараптар мен үшінші мемлекет өкілдерімен құрылатын халықаралық органдардың мемлекетаралық қайшылық негізінде жатқан нақты жағдайлар және фактілік мәліметтерді тергеп, дауласқан мемлекеттерге сәйкес баяндаманы ұсынудан бейбіт реттеудің халықаралық тәсілі.

Халықаралық келісімдік рәсім — салыстырмалы түрде жаңа институт және пайда болу уақыты бойынша халықаралық дауларды шешудің бейбіт тәсілдерінің ең соңғыларының бірі. Келісімдік процедураны құрамына әдетте өзара мүдделерді ескеріп, халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын орындауды негізге алып, тараптардың бітімге келу мақсатында ұсынылатын келісім жобасын құрып, паритетті бастамаларда тараптармен құрылатын органдарда қарастырылатын бейбіт реттеудің халықаралық-құқықтық тәсілі ретінде анықтауға болады.

Халықаралық арбитраждың және сот талқылауы халықаралық-құқықтық актілерде бейбіт реттеу тәсілдерінің классикалық жүйесін аяқтайды. «Халықаралық арбитраж — ол шешімдері тараптар үшін міндетті болып табылатын не жеке тұлғамен (арбитр), не тұлғалар тобымен (арбитрлар) немесе келісім негізінде (компромисс) құрылған дауласқан мемлекеттер арасындағы істің соттық талқылануы. Халықаралық сот — ол белгілі бір мерзімге сайланатын тұлғалардан құрылған тұрақты сот органы; халықаралық сот дауласқан тараптар өздері берген істерді қарастырады, оның шешімі тараптар үшін юридикалық маңызды болып табылады».

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының барысында мемлекеттердің бейбіт өмір сүру жағдайында ізгі қызмет етулер институты бейбіт реттеудің өзге тәсілдерімен бірге бірнеше халықаралық-құқықтық маңызды актілерінде бекітіліп, қазіргі кезде қатығыстарды бейбіт шешудің халықаралық-құқықтық тәсілдерінің бірі болып табылады.

Халықаралық дауларды және жағдайларды реттеу халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті, әділеттілікті қауіп-қатерге ұшыратпастай, халықаралық құқық қағидалары негізінде жүзеге асырылуы қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Философская энциклопедия. — М.: Советская энциклопедия, 1967. — Т. 4. — С. 365.
2. Дембо Л.И. О принципах построения системы права // Государство и право. — 1996. — № 8. — С. 88.
3. Бобров Р.Л. Основные проблемы теории международного права. — М.: Междунар. отн., 1993. — С. 192.
4. Талалаев А.Н. Юридическая природа международного договора. — Киев: АН УкрССР, Совет Института философии и сектора государства и права, 1968. — С. 18.
5. Бобров Р.Л. Современное международное право. — Л.: ЛГУ, 1989. — С. 73.
6. Ладьяженский А.М., Блищенко И.П. Мирные средства разрешения споров между государствами. — М.: Госюриздат, 1962. — С. 119.
7. БҰҰ Жарғысы 1945 // [www.un.org/ru/documents/charter](http://www.un.org/ru/documents/charter)
8. Декларация о принципах международного права. 1970 // [www.terralegis.org/terra/act](http://www.terralegis.org/terra/act)
9. Пущин Э.А. Мирное разрешение международных конфликтов (международно-правовые вопросы). — М.: Международное отношение, 1974.
10. Ситуация (фр. *situation*) — жағдай, жағдайлар жиынтығы // Словарь иностранных слов. — М.: Азбуковник, 2008. — С. 64.
11. Крылов С.Б. История создания ООН. — М.: Ин-т междунар. отн., 1967. — С. 105.
12. Бараташвили Д. Международно-правовые принципы мирного сосуществования // Международная жизнь. — 1996. — № 1. — С. 39.